

«Бекітемін»
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысының м.а.


А. Мухамеджанова
«10» _____ 2023 жыл

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік қазақ тілі кабинеті» қалалық
байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже қазақ тілі кабинеттері бар мемлекеттік мекемелер арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік қазақ тілі кабинеті» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) 2023 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

Мемлекеттік тілді қолдану баясын кеңейту, мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі кабинеттерінің жарактандырылуының тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларға сәйкестігін анықтау.

2.2. Міндеттері:

- оқу кабинеттерін техникалық, әдістемелік жабдықтауды жетілдіру бойынша педагогтердің қызметін жандандыру;
- эстетикалық ресімделуі мен материалдық-техникалық жабдықталу жағдайы талаптарының үздік үлгілерін насихаттау;
- оқу қызметін ұйымдастырудағы қауіпсіздік талаптары мен жас ерекшелігіне сәйкестігін анықтау.

III. Байқауды өткізу тәртібі

3.1. Байқау материалдары 1-қосымшаға сәйкес 2023 жылғы «06» қарашадан кешіктірілмей modern_do@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі, көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3.2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрылады.

3.3. Байқау комиссиясы құрамына Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мамандары, Бастауыш білім беру ұйымы директорының орынбасарлары, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының әдіскерлері, Әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің әдіскерлері кіреді.

3.4. 2023 жылғы 06-20 қараша аралығында Байқау комиссиясы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының қазақ тілі кабинеттерін жабдықталу нормаларына және бағалау критерийлеріне сәйкес сараптама жүргізеді.

IV. Кабинетті бағалау критерийлері мен қойылатын талаптар

4.1. Кабинетті жабдықтау 2-қосымшаға сәйкес қажетті құжаттаманың болуы.

4.2. Кабинеттің жұмыс кестесінің болуы.

4.3. Оқу кабинетін безендіру эстетикасы.

4.4. Стендтердегі материалдар мазмұнының тартымдылығы және оларды орналастыру тәсілі (ақпараттың ауысымдылығын қоса алғанда).

4.5. Қауіпсіздік техникасы ережелерін және нормативтік санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

4.6. Кабинетте барлық тәрбиеленушілермен іс-әрекеттің өтуі.

4.7. Материалдардың барлық тәрбиеленушіге жеткіліктігі.

V. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Байқау қорытындысы бойынша қатысушыларға келесі орындар беріледі:

- I-орын;

- II-орын;

- III-орын.

5.2. Байқау жеңімпаздары Әдістемелік орталықтың дипломдарымен марапатталады.

5.3. Байқаудың қорытындылары мен байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

Сметт М.С.

1-қосымша

**Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысы
С. Дауешоваға**

ӨТІНІМ

білім беру ұйымының атауы

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік қазақ тілі кабинеті» қалалық
байқауына қатысуға рұқсат беруіңізді өтінеміз. Қосымша қазақ тілі
кабинетінің 4 дана фотосын жолдаймыз.

Жауапты маман _____

(аты-жөні, байланыс нөмірі, электронды поштасы)

Электронды мекенжайы, байланыс нөмірі: _____

Басшы _____

Сейтін М.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының қазақ тілі кабинеті жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

Қазақ тілі кабинетіне арналған жабдықпен жиһаз

№	Атауы	Өлшем бірлігі
1.	Компьютерге арналған жалғамасы бар педагог үстелі	дана
2.	Жартылай жұмсақ орындық	дана
3.	Көрнекі- оқу құралдарына арналған шкаф	дана
4.	Маркерлік тақта	дана
5.	Сабаққа арналған балалар жиһазының жиыны	жиын
6.	Микрофон-телефон гарнитурасымен және web-камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер	жиын
7.	Көп функционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер)	дана
8.	Желілік фильтр	дана
9.	Акустикалық жүйе	дана
10.	Мектепке дейінгі балаларға арналған хрестоматия	жиын
11.	Оқу-әдістемелік кешен	жиын
12.	Қазақ халқының тұрмыстық заттары	жиынтық
13.	USB-шығысы бар немесе интернетке қосылған теледидар	дана
14.	Сюжеттік суреттер	жиынтық
15.	Қазақстан Республикасының рәміздері бейнеленген плакат (лицензиялық)	жиынтық
16.	Тақырыптық суреттер	жиынтық

Бағалау парағы

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының атауы:

№	Кабинеттің жабдықталуы	Балл
1	Кабинетті жабдықтау (2-қосымша), қажетті құжаттаманың болуы	
2	Кабинеттің жұмыс кестесінің болуы	
3	Оқу кабинетін безендірудің эстетикасы	
4	Стендтердегі материалдар мазмұнының тартымдылығы және оларды орналастыру тәсілі (акпараттың ауысымдылығын қоса алғанда)	
5	Қауіпсіздік техникасы ережелерін және нормативтік санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау	
6	Кабинетте барлық тәрбиеленушілермен іс-әрекеттің өтуі	
7	Материалдардың барлық тәрбиеленушіге жеткіліктігі	

Бағалау критерийлері:

төмен деңгей - 1 балл

орташа деңгей - 3 балл

жоғары деңгей - 5 балл

Ескертпе: _____

Байқау комиссиясы мүшесінің
аты-жөніБайқау
комиссиясы
мүшесінің қолы

Күні

_____	_____	«__»_____ 2023ж.
_____	_____	«__»_____ 2023ж.
_____	_____	«__»_____ 2023ж.
_____	_____	«__»_____ 2023ж.
_____	_____	«__»_____ 2023ж.
_____	_____	«__»_____ 2023ж.
_____	_____	«__»_____ 2023ж.

Секретер 